

А.Б. САЛҚЫНБАЙ

ТІЛ КОРПУСЫ: СЫРТҚЫ ФАКТОР ЖӘНЕ ТАРИХИ ҚОР

Автор в статье анализирует и приводит примеры тому, что для развития языка в истории казахского языка воздействующие внешние факторы и расположение слов в предложении тюркских языков которые не изменяются при воздействии внешних факторов, строй словосочетаний, морфологические закономерности сохранились во всех тюркских языках.

Yazar kazak dilinin gelişmesini etkileyen dış etkenleri ve dış etkenlere göre degişmeyen türk dillerindeki sözlerin kelimedeki yerleri, birleşik kelimelerin yapısı, morfolojik düzen şimdiki türk dillerinin hepsinde yaşandığını delillerle incelemektedir.

Тіл тарихын зерделеу үшін, ең алдымен, тілдің қатынас құралы болу қызметі мен оның қоғамда өмір сүретіндегіне назар аудару қажет. Тілдің әлеуметтік қызметі – оның өмір сүруінің ең басты шарты. Сондықтан тілдің қазіргі қалпын, тарихи дамуын зерттеу барысында оның қоғамдағы маңызы мен мәні, әлеуметтік қызметі үнемі есте болуы шарт.

Тілдің әлеуметтік қызметі оның (тілдің) сөйлеушілермен арақатысына терең көніл бөледі. Қатынас құралы болғандықтан ол адамдардың қоғамда осы тілмен сөйлеуіне тікелей тәуелді. Бұл тәуелділік екі жақты құбылыс. Біріншіден тіл – адамдардың қоғамдағы байланысын, қарым-қатынасын іске асыруши негізгі құрал болса, екнішіден ол адамдардың осы тілмен сөйлеуіне тікелей тәуелді. Егер адамдар бұл тілмен сөйлемей, өзге тілге ауып кетсе, тіл өледі. Тіл тарихында өлген тілдердің бар екені, әрі оның санының да аз емес екені белгілі жәйт. Сондықтан тіл мен оның сөйлеушілерінің арасында құрделі қарым-қатынас бар.

Тіл – қоғамдағы қарым-қатынастарды, ірілі-ұсакты оқиғаларды таңбалаушы құрал. Сондықтан қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтардың қай-қайсысы болса да тілде өзінің таңбалық көрінісін қалдырып отырады. Тіл мен тілдік қоғам бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Тіл қоғамсыз өмір сүре алмасы анық, сондай-ақ қоғам да тек тіл арқылы өмір сүре алады, өйткені тіл олардың қарым-қатынасының негізгі құралы бола отырып, сананың, ойдың формасы болады.

Тіл тарихы мен халық тарихы, тіл тағдыры мен ұлт тағдыры бір-бірімен тікелей байланысты. Тұран ойпатында өмір сүріп отырған түркі жүртіның тағдыры мен тарихы ең алдымен, тілдік ортақтықпен, содан соң діни жақындық арқылы ұштасады, бірігеді.

Қазақ тілінің тарихында қоғамдағы өзгерістер дәстүрлі сипатта тілдің болмысына әсер стіп отырған. Осыған орай кей жәйттердің айта кету орынды болмак:

1) Әр замандағы тарихи оқиғалар, халық дәстүрі негізінде қалыптасқан мәдени даму мен ғылым-білімнің дамуы тілде өзінің таңбалық сипатын қалдырып отырды. Әсіресе түркілік мәдениет аңғарында жасалған ұлы өзгерістер тілде өзіндік ерекше қалпын қалыптастырыды.

Сондай-ақ әр кездегі ғылыми-техникалық өзгерістер мен саяси жаңалықтар тілдік қабаттарда өзінің ізін қалдырыды.

2) Халықтар арасындағы әртүрлі саяси, экономикалық, мәдени байланыстар тілді кірме сөздермен толықтырады. Араб мәдениетінің келуімен байланысты енген атаулар – ғылым, білім, мектеп, медресе, қағаз, қалам, мұғалім, намаз, ақиret, рамазан, ораза, аят, зекет, Құран т.б.

Орыс мәдениетінің келуімен байланысты енген атаулар – революция, коммунизм, социализм, космос, т.б.

3) Ғылым мен білімнің дамуына сәйкес әртүрлі тілдерден (грек, латын, ағылшын, т.б.) енген терминдік атаулар – биология, химия, физика, лингвистика, бром, хром, университет, аудитория, республика, съезд, менеджер, менеджмент т.б. Мұндай атаулардың ені тілдік қажеттіліктен болғаны анық. Екіншіден, атаулардың көптеп ені сол кездегі тарихи оқиғалардың ізі екені белгілі. Демек, атаулардың енуінің тарихи кезеңін анықтау тек тілшілер ғана емес, тарихшылар үшін де маңызды дерек бола алады.

Тілдік қабаттардың ішінде өзгеріске жиі ұшырайтыны лексикологиялық жүйе екені белгілі. Өзге тілдік қабаттар өзгеріске көп ұшырай қоймайды.

Тілдік жүйенің сыртқы факторларға байланысты өзгерістерге түспейтін саласы – морфологиялық, синтаксистік жүйе. Кірме тілдік бірліктер төл тіліміздің синтагматикалық және парадигматикалық жүйесіне икемделеді. Фалым К.Фосслер өзінің “Позитивизм және идеализм” атты зерттеу мақаласында тіл-тілдегі синтаксистік жүйені халық рухымен, тіл рухымен байланыстырады [1. 329]. Пікірдің ақиқаттығы дау туғызбайды. Тіл корпусын ұстап түрған жүйе лексикалық бірліктер жиынтығы емес, синтаксистік жүйе. Синтаксистік жүйе өзінің қалыптасқан негізгі занылықтарынан ауытқымайды. Айтальық, тілдік деректер көрсеткендегі, түркі тілдеріндегі сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі, сөз тіркесінің құрылышы, морфологиялық занылықтар қазіргі түркі текстес тілдердің барлығында сакталып қалғанын анық аңғаруға болады.

“Кіші Күлтегін” ескерткішінен (VI- VII ғ.):

Теңрі тег теңріде болмыш түрк Білге қаган бұ өдке олуртый. Сабымын түгеті есідгіл.

“Диуани луғат-ит түрк” ескерткішінен (XI ғ.):

Ер кедін қалды. Мен аны тозурдум. Тон қарады. Ол мене тон кезүрді. Ол тон қадышты.

“Оғыз наме” ескерткішінен (XII-XIII ғ.):

Чаң ерте болдуқта Огуз қаганнұң қурықаныға күн дег бір жаруқ кірді. Ол жарқтун көк тұлғулұг, көк жаллуғ бедук бір ерек бөрі чықты.

“Жамиғ-ат тауарих” ескерткішінен (ХVІ f.):

Огузның алты оғлы бар ерді, алты оғлының har бірісінің төрт оғлы бар ерді уа тақы Огузның алты оғлы оң білән сол қолны башлар ерді.

Абай Құнанбаев қолжазбасынан (XIX f.); 1957, 2-томнан):

Ол күнде наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той, тамаша қылады екен. Соң күнін “ұлыстың ұлы күні” дейді екен.

Байқап отырғанымыздай, түркі тілінде сөздердің сөйлемдегі орналасу жүйесі өзгеріссіз қалған. Яғни предикат сөйлемнің соында, субъект – басында, анықтаушы сөз анықталатын мүшениң алдында, т.б. келеді. Сөйлем мүшелерінің тиянақты орнының сақталуы тілдік жүйенің тұрақтылығын ғана емес, сондай-ақ, сол тілде сөйлейтін халықтың дүниетанымын да анықтаса керек. Сөйлеу – халық ойының, ойлау жүйесінің тікелей көрінісі десек, түркі тіліндегі предикаттың үнемі сөйлем соында келуінің үлкен логикалық мәні бар деп бағалау орынды болмақ. Әдетте, дәстүрлі грамматикалық түсінік бойынша, сөйлемнің негізі ретінде, баяндаудағы тұғырлы, мәнді мүше ретінде баяндауыш алынатыны белгілі жәйт. Баяндауыш сөйлемдегі негізгі ойдың сипатын, уақытын, әрекеттің нәтижесін баяндайды. Демек, қазак (түркі) тіліндегі баяндауыштардың сөйлем соында айтылуындағы негізгі гәп, түркі халқының дәстүрлі менталитетімен тығыз байланысты деп қараған дұрыс. Яғни кез келген іс-қимылдың, әрекеттің нәтижесіне, салдарына әрқашан үлкен көніл бөлініп отырған. Сондықтан, да баяндауыш сөйлемнің басында не ортасында емес, сөйлемнің соында, аяқталар тұсында өзіндік дауыс ырғағымен аяқталады.

Тіл – халықтық рух деген В.Гумбольдтық тезисті қолдана отырып, біз тілдің әрбір грамматикалық тұлғасы мен лексикалық бірлігінде, сөйлем құрылышы мен сөз құрамында тіл рухы мен халық рухы астасып, астарласып, жымдастып жатады деп пайымдаймыз.

Синтаксистік құрылым тілдік корпустың жүйелі дамуына, сыртқы өзгерістердің тілдің ішкі зандалықтарына бағынып қолданылуына негіз, басшы болады. Осының нәтижесінде сөйлеу тілі арқылы енген кірме атаулардың қай-қайсысы болса да, тілдің ішкі зандалықтарына бағынып, енген тілінің фонетикалық, морфологиялық зандалықтарымен сәйкеседі.

Айталық, тіліміздегі *мұгалім, мектеп, медресе, кітап, дәптер, кереует, бәтеңке, үстел, күрте* т.б. атаулар сипатының өзгерісі олардың сөйлеу тілі арқылы енуімен байланысты.

Тілдегі грамматикалық құбылыстар халық психологиясымен, дүниетанымымен тығыз байланыста қаралады.

Морфологиялық құрылымдағы кейбір өзгешеліктер де қоғамдағы өзгерістермен сабактас. Айталық, қазақ тіліндегі -хана, -паз, -қор, -қой, -кеш, -стан, -кент жүрнақтары парсы тілінен енген формалар. Бұлар казіргі қазақ

тіліндегі сөзжасам процесінде ерекше мағыналы атаулар туғызуда жұмсалады. Өйткені бұл тұлғалардың ені тарихи ерте кезеңге жатады. *Нәмәрт* (мәрт емес), *нәрәду*, *наразы* (риза емес) т.б. атауларының құрамында келетін парсы тілдері арқылы енген *на*, нә префиксінін, араб тілінен енген *бей* (*беймезгіл*, *бейшара*, *бейуақ*, т.б.) тұлғасының қазақ тіліндегі колданысы сыртқы факторлардың жемісі, яғни халықтардың саяси, экономикалық, мәдени байланыстарының дерегі екені аян. Қазақ тілінде кездесетін мұндай кірме морфологиялық тұлғалар саны аз. Сондықтан олар тілдегі жалпы түркілік даму заңдылықтарына пәлендей әсер етпейді.

Тілдің морфологиялық құрылымымен салыстырғанда, фонетикалық жүйе өзгерістерге жи्रек үшірайды.

Бұл туралы М. Томанов “Қазақ тілінің тарихи грамматикасы” атты енбегінде: “Қазақ тілінің фонетикалық жүйесінің біраз ерекшеліктері әр түрлі дәуірде басқа мәдениеттермен, тілдермен байланыста болудың әр түрлі қарым-қатынасқа тұсудің нәтижесі іспеттес қалыптасқан”, – дей келіп, араб-парсы мәдениетінің ықпалы мен орыс мәдениетінің ықпалын атап көрсетеді [3, 40].

Тіл жүйесінде кездесетін субстраттық өзгерістер – кез келген тілде кездесуі ықтимал процесс. Субстрат теориясы туралы XIX ғасырдың басында Я.Бредсдорф айтқан болатын, кейіннен бұл ілім Г.Й.Асколи, Г.Шухардт, В.Брендаль, А.Мейе, О.Есперсен, И.А.Бодуэн де Куртенэ, А.А.Шахматов, А.М.Селишев енбектерінде көрек зерттелді. Субстрат белгілі лингвогеографиялық ортада ертеде болған тілден қалған көне элементтер. Субстрат кірме сөздерден бөлек тұлғалар ретінде қарастырылады. Зерттеушілердің пайымдауынша, субстрат негізінде халықтардың этникалық араласауы мен кірме халықтың тілдік ассимиляциясы жатады. Тілдегі субстраттық элементтер қостілділіктің негізінде кейін пайда болатын құбылыс.

Көне қазақ тілінің тарихи қалыптасу жолында парсы, араб, орыс тілінің ықпалы болғанын айту қажет. Өйткені тілімізде орнықкан кей дыбыстық ерекшеліктер бұны айфактайтының жоққа шығара алмаймыз. Айталық, *х*, *h*, *ф* дыбыстарының қолданылуы, сөз басында *đ*, *g*, *g*, *h*, *ң*, *r*, *z*, *l*, дыбыстарының, сондай-ақ *л*, *n*, *и* дыбыстарының сөз басында жұмсалуы, бірінші буында *з*, *г*, *ң*, *ә* дыбыстарының айтылуы парсы және араб тілдерінің әсері екені анық.

Сондай-ақ, сөз басында кездесетін *г*, *з* дыбыстары (газет, завод), *в*, *ф*, *х*, *ң*, *ч*, *и* дауыссыз дыбыстарының тілімізде орнығуы орыс тілінің ықпалы ретінде қарастырылады.

Тілдің лексикалық жүйесіне парсы, араб, монгол, орыс тілінен, сондай-ақ орыс тілі арқылы енген шетелдік термин сөздердің ені тіл дамуына сыртқы фактордың әсері ретінде қарастырылады. Қазақ тілінде жасалған әртүрлі сөздіктерде, әсіресе терминдер сөздігінде мұндай кірме атаулар жиі кездесетіні жасырын емес. Тіл табиғатын, оның даму жолы мен барысын анықтауда мұндай сыртқы факторларды үнемі ескеріп, жүйелеп отыру қажет

деп есептейміз. Тіл болмысындағы тарихи қорды анықтап отырудың мәні ерекше: бұл әсіресе сөздіктердегі реестр сөздердің кұрамы (төл бірліктер мен кірме сөздердің арасалмағын білу) мен сөйлеушінің сөздік корындағы атаулардың сипатын, грамматикалық құрылышындағы өзгерістерді анықтауда, тіл дамуының негізгі бағыттары мен нормалану жүйесін, кірме сөздердің деңгейін бақылауда маңызды.

Табиғи тілдің жүйелі дамуы үшін сыртқы факторлардың үлес салмағын зерделеп, оның шегін белгілеу шарт. Кірме сөздердің молдығы, әсіресе синтаксистік жүйеде тигізген ықпал-әсері тілдің болашақтағы ішкі дамуына кері әсерін тигізуі, тіпті тілдің ішкі дамуын тежеп, пиджинизация процесінің жүруіне мүмкіндік туғызыу ықтимал. Халықтың, әсіресе, қала халқының ауызекі сөйлеу үлгісі тілші ғалымдардың назарынан тыс қала алмайды. Мұның өзі тілдің даму ерекшелігін анықтау үшін аса маңызды сыртқы факторды зерделеп отырудың маңызды шарты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Звегинцев В.А. История языкоznания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. –М., 1964. -Ч.1.
2. Абай Құнанбаев. –Алматы, 1957, 2-том
3. Томанов М. Қазак тілінің тарихи грамматикасы. –Алматы, 1988

REZUME

A.B. SALKYNBAI (Almaty)

LANGUAGE BUILDING: EXTERNAL FACTORS AND HISTORICAL FUND

The article deals with external factors which influence the language development in Kazakh language history and non-changeable word order, word combination structure, morphological rules in modern Turkic language examples.